

## Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 20 тамыз N 798. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.17. N 259 қаулысымен. ~P000259

Мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік органдар мен бюджеттік ұйымдардың құрылымы мен функциясын ұтымды ету мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік қызметті реформалау жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын және оның құрамы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Комиссияның бірінші кезектегі міндеттері мыналар болып белгіленсін: орталық және жергілікті атқарушы органдарда функционалдық талдау және мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдар қызметкерлері санағының нәтижелеріне талдау жүргізу ұйымдастыру;

мемлекеттік функциялар мен орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін орталықсыздандыру жөнінде, сондай-ақ бюджеттік ұйымдарды қаржыландырудың функциялары мен тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Хатшылық - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Кеңсесінің секторы ретінде Комиссияның жұмыс органы болып табылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы үш адам санында Комиссияның хатшылығын қалыптастырсын.

4. Комиссия тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар енгізетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 20 тамыздағы

№ 798 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік қызметті  
реформалау жөніндегі комиссиясының құрамы

- Жандосов Ораз Әлиұлы - Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің бірінші  
орынбасары, Комиссияның  
төрағасы
- Байменов Әлихан Мұхамедияұлы - Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Кеңесінің  
басшысы, Комиссия төрағасының  
орынбасары
- Әбілғазин Данияр Рүстемұлы - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
департаментінің директоры
- Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы - Астана қаласының әкімі
- Жақиянов Ғалымжан Бәділжанұлы - Павлодар облысының әкімі
- Коржова Наталья Артемовна - Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі
- Қуанғанов Фархат Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар жөніндегі агентті-  
гінің басқарма бастығы  
(келісім бойынша)
- Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі
- Мұхамеджанов Бауыржан Әлімұлы - Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі
- Рау Альберт Павлович - Лисаков арнайы экономикалық  
аймағы әкімшілік кеңесінің  
төрағасы
- Сапарбаев Бердібек Мәшбекұлы - Қызылорда облысының әкімі
- Судьин Александр Сергеевич - Қазақстан Республикасы  
Президентінің Әкімшілігі  
Мемлекеттік қызмет және кадр  
саясаты бөлімінің меңгерушісі

Нұр-Ахмет-Досмұхамед - Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі бірінші  
орынбасарының кеңесшісі,  
Комиссияның хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК